

## **Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесін бекіту туралы**

Қызылорда қалалық мәслихатының 2016 жылғы 01 ақпандағы № 53/3 шешімі.  
Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 ақпанда № 5358 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихаттың  
кезектен тыс XXXXXIII  
сессиясының төрағасы  
М. БАЕКЕЕВ*

*Қызылорда қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*И. ҚҰТТЫҚОЖАЕВ*

Қызылорда қалалық мәслихатының  
2016 жылғы 1 ақпандағы  
№ 53/3 шешімімен бекітілген

## **Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереже**

### **1. Жалпы ереже**

1. "Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен наградтау туралы" ереже (бұдан әрі - ереже) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді.

### **2. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша талаптар**

2. Қызылорда қаласының Құрмет грамотасымен (бұдан әрі - Құрмет грамотасы) өз қызмет саласында кем дегенде 5 жыл еңбек өтілі бар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылым мен мәдениеттегі, білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау және заңдылықты нығайту, қызмет көрсету салаларындағы, жастарға тәрбие беру жұмыстарындағы, дене шынықтыру мен спорттағы, әскери және қоғамдық, мемлекеттік және өзін-өзі басқару қызметтерін дамытудағы елеулі жетістіктері, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты және мәдени байланысты

нығайтудағы табысты жұмыстары, қайырымдылық қызметі және қаладағы белсенді еңбегі мен қоғамдық-саяси қызметі үшін және өзге де сіңірген еңбектерін ардақтау белгісі ретінде қала азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары наградталады.

3. Құрмет грамотасы:

1) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте соттылық мерзімі өтелмеген немесе алынбаған;

2) сот арқылы іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

3) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық іс-әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылған;

4) үміткерді ұсыну сәтінде заңнамамен белгіленген тәртіпте әкімшілік жазасы өтелмеген немесе алынбаған азаматтар наградталмайды.

4. Құрмет грамотасымен қайталап наградтау жүргізілмейді.

### **3. Құрмет грамотасымен наградтау тәртібі**

5. Құрмет грамотасына ұсынылған әрбір азаматқа наградтау парағы толтырылады. Наградтау парағында наградталатын азаматты сипаттайтын мәліметтер, сол саладағы және сол ұжымдағы жалпы еңбек ету өтілі, оның нақты сіңірген қызметі, жұмысының сапасы мен тиімділігі туралы мәліметтері, оның нәтижелері баяндалады, бұған дейін алған марапаттарының көшірмелері тіркелуі тиіс.

6. Наградтау парағына кәсіпорын, ұйым және мекеме басшысы қол қояды және дұрыс енгізілген мәліметтер үшін жеке жауапкершілікте болады. Наградтау парағы кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің мөрімен бекітіледі.

7. Құрмет грамотасымен наградтау туралы өз кандидатураларын өз бетімен ұсынған азаматтардан келіп түскен материалдар қаралмайды.

8. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша ұсыныстарды алдын ала қарау және әзірлеу үшін мәслихаттың өкілеттілік мерзіміне наградтау жөніндегі комиссия құрылады (одан әрі - комиссия).

9. Комиссия отырысы айына 2 рет өткізіледі және қала әкімінің, мәслихат хатшысының атына наградтау жөнінде жіберілген ұсыныстар наградтау күніне дейін 10 күн бұрын қабылданады.

10. Құрмет грамотасымен наградтауға ұсыныстарды еңбек, шығармашылық ұжымдар, қаланың өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктердің атынан олардың басшылары (тиісті ұйым басшысының қолы және мөрімен) ұсынады.

11. Комиссия шешімі комиссия құрамының жартысынан астамы қатысқан жағдайда заңды болып саналады.

12. Комиссия отырысына комиссия құрамына кірмейтін және дауыс беру құқығы жоқ мәслихаттың депутаттары қатыса алады.

13. Комиссия отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілігінің ашық түрде дауыс беруі арқылы шешім қабылдайды.

14. Комиссия өзі қараған ұсыныстың қорытындысы туралы кандидатураны ұсынған органға хабарлайды және тиісті хаттама толтырады.

15. Комиссияның оң қорытындысына сәйкес қала әкімі мен қалалық мәслихат хатшысының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімі арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.

Шұғыл жағдайларда қала әкімі мен қалалық мәслихат хатшысы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешімді Комиссияның қорытындысыз да қабылдай алады.

Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын қала әкімі немесе қалалық мәслихат хатшысы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады.

Құрмет грамотасымен наградтауға байланысты құжаттамалық және өзге де қамтамасыз ету шаралары, сондай-ақ наградталған азаматтардың есебін "Қызылорда қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жүргізеді.

16. Құрмет грамотасы келесі сипаттамада болуы қажет:

- 1) Құрмет грамотасы мұқабадан және ішіне салынатын қағаздан тұрады;
- 2) мұқаба түрлі - түсті қалың қағаздан жасалып, ішіне ақ қағазбен тоқыма бау желімделген;
- 3) мұқабаның биіктігінің төрттен біріндей деңгейде ортасына қарай Қазақстан Республикасының Елтаңбасы орналасқан;
- 4) ортадан сәл төменірек: "Қызылорда қаласының Құрмет грамотасы" - деген сөз жазылған;
- 5) оның бірінші бетінде Елтаңба салынған, ал ішкі беттері алтын түстес ұлттық өрнекпен бейнеленген;
- 6) ішкі бетіндегі жазулар қазақ және орыс тілдерінде жазылады.